

Мырзатай
ЖОЛДАСБЕКОВ

**ШЫН, МЕН
ШЫҢЫРАУ**

А. Раев

ШЫҢ МЕН ШЫҢЫРАУ


КҮЛТЕГІН



БАСПАСЫ



Мырзатай
ЖОЛДАСБЕКОВ



ШЫН МЕН ШЫҢҢЫРАУ

Мақалалар

Сырласулар

Лебіздер

ББК 83.3 Каз

Ж 69

Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің жоспары бойынша шығарылды.

Пікір жазған: ҚР ҰҒА-ның мүше-корреспонденті, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, ғылымға еңбегі сіңген қайраткер, профессор – Р. Нұрғали

Жолдасбеков М.

Ж 69 **Шың мен шыңырау. Мақалалар. Сырласулар. Лебіздер. Қоғамдық-саяси басылым. –Астана, 2002. –328 бет.**
ISBN9965-9204-0-0

Белгілі қоғам қайраткері, көрнекті ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор, Халықаралық Жоғары мектеп ғылымдар академиясының академигі, Төтенше және өкілетті елші Мырзатай Жолдасбековтің жаңа кітабында негізгі екі арна бар: біріншісі – Қазақстанның тәуелсіздік жолындағы күресі, егемендіктің проблемалары; екіншісі – әдебиет пен өнердің тарихы, көкейкесті мәселелері. Шешен тілмен жазылған білікті де ойлы кітап елінің шежіресін біліп, рухани байлығын игерем деген көзі ашық қалың оқырман қауымға арналған.

Ж $\frac{4702250200}{00(05) - 02}$ 04-2002

ББК 83.3Каз

ISBN9965- 9204 - 0 - 0

© Жолдасбеков М., 2002
© "Күлтегін" баспасы

АҢДАТУ

Белгілі қоғам және мемлекет қайраткері, әдебиетші ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор, Халықаралық Жоғары мектеп ғылымдар академиясының академигі, Төтенше және Өкілетті елші, Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры Мырзатай Жолдасбековтің оқырман назарына ұсынылып отырған жаңа кітабына оның соңғы жылдарда жазған ғылыми-зерттеу мақалалары, публицистикалық еңбектері, көсемсөздері, бірқыдыру сұхбаттары, өн текстері және қаламгер-қайраткер туралы айтылған пікірлер, ой-тұжырымдар мен лебіздер енгізілген.

Тәуелсіздік алғаннан кейінгі Қазақстан халқының өмірінде болып жатқан күрделі әлеуметтік-саяси өзгерістер, оңды жаңалықтар, азаттықтың рухани-идеологиялық сабақтары, тарихи тамырлар мен қазіргі даму диалектикасы көрнекті қоғам және мемлекет қайраткерінің салмақты толғауларының өзекжарды арнасына арқау болған. Қазақтың тұңғыш Президентінің тарихи миссиясы, алаш азаматтарының тағдыры, көне түркі ескерткіштерінің маңызы келелі сөз етіледі.

Бір шоғыр эсседе ғалымдар, жазушылар, композиторлардың шығармашылық кескіні көрсетіліп, олардың еңбектеріне байсалды баға берілген. Президенттің өз қамқорлығында тұрған Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің қазіргі жағдайы, ұстаздар ұжымы, ғалымдық ортасы, болашақ даму нысандары туралы ректор сұхбаттарынан көп мағлұмат аласың. Сол сияқты Қазақстанда тұңғыш рет құрылған Дипломатиялық академияның жай-жапсары, кадрлары, мүмкіндіктері жан-жақты сараланады.

Қазақтың ұлы ақыны Әбділда Тәжібаев бастаған ағалардың, сонымен қатар іні-шәкірттердің бір тобының әр кезде жазған мақалалары, ой-пікірлері ғалым-зерттеуші, қайраткер-қаламгердің өртүрлі қырын тап басып, жақсы танытады. Сол секілді Хамит, Тұманбайдан тартып ақындар арнаған өлеңдерде де ақ көңілден шыққан шынайы ыстық пейіл жатқандай. Құттықтаулар мен өтініш-хаттарда жүрек жарды лебіздер мен өзіндік сыр шертілген.

Сонымен, мақалалар, сырласулар, лебіздер тоғысып келіп, жаңа кітаптың мазмұнын құрап отыр. Оның басты өзегі, негізгі сарыны – тәуелсіздік тағылымы, азаттық сабақтары, тәрбие мен білім бірлігі, ұстаздық пен шәкірттік үйлесімі.



I -тарау

Тәуелсіздік ТАҒЫЛЫМЫ

Мақалалар

ЕЛШІ КҮНДЕЛІГІНДЕГІ ҰЛТ, ТІЛ, ТӨУЕЛСІЗДІК ТУРАЛЫ ОЙЛАРДАН

...Біз бесіктен беліміз шыға бір адамның басынан асып-төгілгендей оқиғаларды басымыздан кешірдік. Қазаққа керегі жоқ, бірақ миллионнан астам қазақтың қыршынынан қиылған соғысты, жоқшылықты, неше қиыншылықты өткердік. Империялық өктемдікті де сезіндік. Қазақ ұлттық қасиетінің бәрінен айырыла жаздады. Құдай жарылқап, егемен ел болдық. Тіліміз шықты, мен қазақпын дей алатын жағдайға келдік. Бірақ қазақ кіндігінен жаралғанның бәрі түгел қазақ болып, оның тамырында қазақ қаны жүру үшін ұзақ уақыт керек. Шыдам, төзім керек.

16.X.1994 ж.

...Ұлтшыл да атандық. Шынында ұлтшыл деген жақсы сөз – ұлтын сүю деген сөз. Бұдан артық қандай құнды, қандай биік, қандай мағыналы сөз бар! Сондықтан да ұлтшыл дегенге мен шамданғаным жоқ, керісінше мақтаным сезімге бөлендім.

18.X.1994 ж.

...Қазақтың өзінен өзге досы жоқ, жанашыры жоқ, басыңды қос, біріңе бірің көзің сал. “Баланы жастан” деген, баланы ал қолыңа. Оған: “қазақ сенің бауыр етің, жүрегің, көзіңнің қарашығы, қорғаның, абыройың, ожданың” деп үйрет.

Ары кеткен елден бәрі кетеді. Боққа малдың да қарны толады. Бізге алдымен ұлттық қасиет, ар-намыс керек.

Бүгінде қазақтың ата жауының бірі – арақ. Осыншама өлгенше ішетіндей атаның асы емес еді ғой бұл. Бұдан да арылатын мезгіл өлдеқашан жеткен тәрізді.

19.X.1994 ж.

...Ұлы державалық шовинизм аз елдердің, әсіресе, тектес елдердің біріккеніне ешқашан жол бермейді. Өйткені, нәтижесінде және бір күшті, ірі мемлекет пайда болуы мүмкін. Кеше ғана Қазақстанның Сыртқы істер министрі Қасымжомарт Тоқаев Мәскеуге барғанда Ресейдің Сыртқы істер министрі Козырев: “пантюркизмнің қайта жаңғыра бастауы бізді алаңдатады” – депті. Бұл биылғы Түркиядағы өткен Түрік мемлекеттері басшыларының екінші кездесуінен кейінгі қаупі еді. Онда бірігіп біреуге қарсы шығу дейтін мәселе қаралған жоқ қой. Тек экономикалық ынтымақ, тарихи, мәдени ортақ жиындарды бірігіп өткізу мәселесі қозғалды.

Неге пантюркизм, панисламизм соншама үлкен саясатқа айналу керек. Тіпті пантюркизм, панисламизм деген терминдер неге сондай рангқа көтерілу керек, сол не деген сөз түптеп келгенде? Онда дінге, тегіне байланысты басқа измдер жөнінде сөз неге болмайды? Түптеп келгенде, сол терминдердің үрей тудыратындай ештеңесі жоқ емес пе? Мұның түпкі мақсаты – сенің еңсеңді көтертпеу, ұлт ретінде жою, өз тегінді өзіңе қарсы қою.

16.XII.1994 ж.

...Бүгін тілінді берсең, ертең дініңді бересің, онан соң жеріңді бересің – құдайға да керегі жоқ дінсіз, мекенсіз босқын сонда боласың. Өйтпесе, орыс тілін мемлекеттік тіл қыламын дегеннің жолы болсын.

Қабырғасы қайысып, жаны қиналып мал таппаған, тілін, тарихын білмейтін мәңгүрттерге бәрі бір. Олар біреудің суық қолымен қазынананың қалтасына қол салып байып отырғандар. Оларға ұлт, тарих, тілдің, отанның керегі жоқ. Ақша болса болды, олар қайда да өмір сүре береді. Отансыздардан опа таппайсың.

23.XII.1994 ж.

...Мұсылмандықтың бір жақсысы – қанағат, рақымшылықты уағыздайды.

Қанағат жақсы. Шүкірлік жақсы, тәуба жақсы. Жарық дүниеде төрт құбыласы түгенделіп, мақсат-арманына жетіпті деген адамды естіген де, көрген де емеспіз. Қанағаты бар кісіге көп нәрсенің керегі жоқ. Тойымсызға жер үстін түгел берсең, қалған байлықты өзге жаһаннан іздеуі мүмкін. ...Байыса бұзылып жатқанды көзіміз көріп жүр. Олар ұры тазы тәрізді қуыстанып, сөзінің расы азайып, өтірігі көбейіп, айла шығара бастайды. Базбіреуіне жоқ жерден жел пайда болады. Қайғылы байлықтан қайғысыз тіршілік артық. Ұрламасаң, жемесең – қасиетің сақталады, еңбегің ақталады; ішіп-жегеннің артында боқ қалады, өзі сотталады; тек жүрсең текті көрінесің, жеп жүрсең жек көрінесің, көпке жұғымды, ортаға сыйымды болған жақсы. Қиянат-зиянаттан да аулақ жүрген жөн.

Қазақты оңдырмай жүрген – сүйекке біткен жалқаулық. Кең дала, тұяғынан жайылған мал қазақты самарқау қылған. Қолы бірдеңеге тиіп кетсе “Айды аспанға шығардым” деп күпсінеді.

6.ІІ.1996 ж.

...Тәуелсіздікті жарияладық, оны баянды ету үшін ұзақ жылдар, көп шаралар керек. Егемен ел екенімізді де сезе бастағанымызға еш күмән жоқ. Енді оны баянды етудің жолын жан-жақты іздеуіміз керек. Бәрі ретімен, орнымен жасалуы тиіс: саны бар, сапасы жоқ партиялар, опасыз оппозиция, қаптаған қажылар, жаппай дінге бой ұру, көзсіз еліктеу – мұның бәрі білімділіктен шықпайды. Бізге ақылдылардың, төзімділердің, біліктілердің оппозициясы, салиқалы қоғамдық қозғалыс қажет. Ол жұртты митингімен, айқаймен, аштық жариялаумен емес, ақылмен, парасатпен, білімдарлықпен иландыруы тиіс. Партиялар мен қозғалыстардың басында тәжірибелі, интеллектуалды, гуманист адамдар тұру керек, олар Отанының болашағын ойлаулары, мемлекеттікті қалыптастырудың оңай еместігін сезінулері тиіс. Түзетуді өзгеден емес, өзінен бастаулары қажет. Қит етсе бәріне орысты кінәлап, “қазақ тілін де құртып отырған орыстар, оларды қуу керек” дейтіндер аз емес. Қазақ тілінің мәртебесі үшін солар не істеді? – оны айту қиын. Қанша қаулы қабылдап, заң шығарғанмен, сол тілде жаппай сөйлеп, сол тілде ойлап, сол тілде ресми жиындар өткізілмейінше, қазақ тілі мемлекеттік тіл бола алмайды. Өз балаларымызды қазақша сөйлете алмай дал болып жүргеніміз жоқ па? Қазақ тілі мемлекеттік тіл болсын десең, алдымен сол тілде өзің сөйле.

13.ІІ.1996 ж.

...Өзбекәлі Жәнібеков – қазақ тарихын, салт-дәстүрді, байырғы ескерткіштерімізді терең білетін адам. Беті бір қисайса көнбейтін, дегенінен қайтпайтын, турашыл, әділ, бейнеткеш, ғажап өңгімеші кісі. Өнерге көп мән беретін. Екеуіміз “Алтынай” ансамблінің репетициясына да барып жүрдік. Маған Партия жұмысын көп үйретті. Сондықтан да қатарға сол кісінің арқасында қиналмай қосылып кеттім. Өзекең екеуіміз аз уақытта талай нәрсе атқардық: даналар ақталды, олардың кітабын шығардық. Тіл туралы заңға белсене араластық, айтысты жаңғырттық, Наурызды қалыптастырдық, әдет-ғұрып, салт-дәстүрімізді қайта жаңғырттық, тарихымызды, мәдениетіміздің тарихын қайта жаздыра бастадық. Бұл аз жұмыс емес еді.

15.III.1997 ж.

...Бүгін менің туған күнім. Алпысқа толдым. Көп толғандым. Алды-артымды шолдым. Өткізген өміріме риза болдым. Өзім де, бала-шаға, ағайын-туғаным да ұялмайтын, қызармайтын өмір кешіп келеді екенмін.

Бүкіл дін біткен ақырзаман болады деп зарлаумен келеді, құдай сақтасын! Біз болсақ, тұтас мемлекеттігімізді орнатудың жолына жаңа ғана түстік. Менің Бұрхан деген ағам биыл тоқсан алтыға келіп қайтыс болды.

– Соңғы кездері нарық жұлдызы шаншылып тас төбеден туушы еді, соны уайым қылушы ем, құдайға шүкір, қайтадан өз орнынан туа бастады, заман тыныш, жақсылық болады, – деп кетіпті. Айтқаны келсін.

27.V.1997 ж.

КҮНІҢ БАРДА КҮЛІП ЖҮР

Қолына жүген алып, таңертең жылқыға бара жатқан Төленің айдарынан шырақ жанып барады екен.

– Төле қалың елге тұтқа болғалы тұр, жасын ұзақ қылғай жасаған, – деп, ел жиналып бозқасқа шалыпты...

Алдынан шығып сәлем берген баладан Бөлтірік:

– Атың кім балам? – деп сұрапты.

– Атым Жамбыл, – депті бала.

Баланың қолын ұзақ ұстап тұрып:

– Атың Жамбыл болса, көкірегің даңғыл болар, шырғалаңнан сөз келсе, шырқаушының өзі боларсың түбі, – деген екен Бөлтірік шешен...

Қазақта не бір дана сәуегейлер өткен ғой, қалай болжады десеңізші. Есейе келе Төле би қалың қазаққа пана, ал Жамбыл әлемге даңқы жайылған ұлы ақын болды.

Мен болашақ Президентті алғаш рет 1957 жылы көрген ем. Ол кезде Нұрсұлтан – Қаскелеңдегі Абай атындағы қазақ орта мектебінің оныншы класс оқушысы. Жүзі жайнап, екі көзі оттай жанып, жарқ-жұрқ етіп, бөйге атындай тыпыршып отыратын. Ішіне сыймай жүрген бір құдірет бар сияқты болушы еді.

Бесіктегі баланың бек боларын кім білед,

Қарындағы баланың хан боларын кім білед, – дегендей, ол кезде Нұрсұлтанның Президент боларын кім болжады дейсіз. Әруақ қолдап, бақ дарып, таққа мінді. Содан бері көзден таса, көңілден жырақ болған жоқ. Ініміздің жүрген жолын бағып келеміз. Темір қорытты. Домнаның пешіне қайнап-пісті, жарғақ құлағы жастыққа тимей жастайынан жарқырап көзге түсті. Сөйтіп, заты қазақтың әруағын аспанға көтерді, ел-жұртын да өрге жетелеп келеді.

Айтуға ғана жеңіл, өйтпесе, қазақпын деуге тіл байланып, дүние шыр айналып тұрған заманда, алмағайып тар кезеңде бұлқынып шығып, ел тағдырын шешуге бел байлау оңай емес еді, қалың елдің жауапкершілігін көтеру үшін батырлық, үлкен жүрек керек еді.

1991 жылы желтоқсанның бірі күні Нұрсұлтан Назарбаев тұңғыш рет Президент болып сайланды. Қуанышымызда шек болған жоқ. Толқыдық, Республика сарайында Елбасын таққа отырғызу рәсімін өткіздік.

Хан тұсында қан шашылмасын деп ақсарбас шалдырдық, боздақтар аман болсын деп бозқасқа шалдырдық: басына мұрақ кигізіп, иығына шапан жаптық; үш жүздің таңбасын салдырып беліне кемер белдік соқтырдық. Ақ киіздің үстінде тұрып халыққа ант берді.

Өлі есімде, артында тұрған ту құлап бара жатты. Түрлі ырымға жүйрікпіз ғой, сол сәт жүрегіміз өкшемізге кеткендей болды. Қалай, қайтіп сезгенін қайдам, Президент туды ұстап қалды. Кейін бірде:

– Құлап бара жатқан туды ұстап қалдыңыз, Нұреке! Қазақтың туы енді жығылмайтын шығар, – дедім.

Құдайға шүкір, егемендігіміздің нұрлы келбетіндей, болашақтың айғағындай, елдігіміздің айбарындай азаттық туы содан бері қисайған жоқ, асқақтап желбіреп тұр.

“Елу жылда ел жаңа, жүз жылда қазан”, – дейді қазақ. Елу жыл түгілі азаттықтың таңы атып, тәуелсіздіктің көк байрағы желбіреген

жеті жылдың ішінде-ақ қоғам жаңарды: бұрын-соңды тәжірибесі, өнегесі болмаған мемлекеттікті қалыптастыру процесі басталды; қаланың келбеті, халықтың ой-санасы, тұрмыс-тіршілігі, әрекеті бүтіндей өзгерді; жаңа қоғам, жаңа заман, жаңа болмыс келді; тарих, әдет-ғұрып, салт-дәстүр жаңғырды; еркіндікті, демократияны сезінген жұрттың тілі шықты; тіліміз шығып тұрғанда сөйлеп, қолымыздан келіп тұрғанда істеп қалайық дедік; берік ішкі-сыртқы саясат қалыптасты; ынтымақ-бірлік орнықты; толып жатқан партия, қозғалыстар өмірге келді; Алматыда адамнан машина көбейді, шүкір, мейрамхана, той көбейді; Қазақстанды әлем таныды, Елбасының жер дүниедегі ықпалы артты.

Несін жасырамыз, қиналыстарымыз да аз болған жоқ; халықтың байлығы лезде сусып кетті; ауыл әбіржіп, қарапайым жұрт қалжырап, зиялылар жаутандап, қариялар қаужандап, жастардың көбі сандалып, өнеркәсіп салдырап қалды; қатыгездік, маскүнемдік, нашақорлық, парақорлық, жезөкшелік, әртүрлі індет етек алды; қоқысты қопарып, қайыр тілегендер көбейді. Осылай елдің де, ердің де тағдыры сынға түсті.

Өтпелі, ауыспалы кезеңде мұндайдың болатынын сезіп-біліп отырса да жұрт:

– Сонда да Елбасы осыншалықтыға жібермеу керек еді ғой, – деп отыр. Айтса айтқандай-ақ.

Енді не істеу керек?

Қатаң төртіп, сыбайлас жемқорлыққа, маскүнемдік пен нашақорлыққа қарсы пәрменді күрес, жандана бастаған өндіріс ошақтарына жанашырлық, шалғайдағы елге, оның кәрісі мен жасына, ауыл тағдырына араша қажет; кадрларды іріктеу керек; Қазақстан халықтарының рухани тұтастығын, қалыптасқан ынтымағын сақтау керек; көрінгеннің қолжаулығына айналмайтын, елдігімізді, тәуелсіздігімізді қызғыштай қорып нығайтатын, өркениетті елдің қатарына қосатын салиқалы, салмақты, дана саясат, демократия керек; ертеңіне елдің сенімі керек.

Өйткені, біз тағы бір тарихи сынның алдында тұрмыз. Екі ғасырдың тоғысында Қазақстан халқы Президент сайлады. Қырғынды да, азап-мехнатты да, қуғын-сүргінді де, қорлық-зорлықты да басынан көп кешкен жұртшылық ендігі жерде өліп-талып жеткен тәуелсіздіктің баянды нәтижесін көргісі келеді. Сондықтан да ешкім тізгінін көрінгеннің қолына ұстатқысы келмейді. Алтын құрсақ Ел-Ана толғатып туған ғасырдың тұлғасын замана көпірінен аман өткізетін, елінің жанын ұғатын, жалпыға пана болатын тұлғаға ұстатқысы келеді.

Өркімнің де билікке бар таласы дегендей, Ата Заңымыздың талабына сай келетін Қазақстан Республикасының кез келген азаматы президенттікке үміткер бола алады. Бірақ ол атой салып аттандап, көз алартып қоқандап, жат жұртқа елін жамандап, артқа қарап жаутандап, яки өсек айтып елді азғырып жүргендердің отыратын жері емес, табанын тіреп Отан алдында ант бере алатын, сөзінде тұратын, елін мұратына жеткізетін, маңдайы кере қарыс, халқының бақытына туған, қалың елдің тірегі, білегі, жүрегі бола алатын, елім-жұртым деп өзегі талған Азаматтың алтын тұғыры.

Олай болса, Қазақстан үмітін тағы да Нұрсұлтан Назарбаевқа артып отырғаны күмәнсіз. Дұрысы да, шыны да солай. Өйтпесе қазақты үш хандыққа бөліп жіліктеп жүрген Әбілсейітов, бар жақынын, таянышын, ақылшысын сырттан, шеттен іздеп, жатқа шағынып жүрген Қажыгелдин, бас қамы үшін бабын күйттеп жүрген қаптаған “президенттер” кімге, қай қазаққа тұтқа бола алады?

Нұрсұлтан Назарбаев 1991 жылы халқына берген уәдесін негізінен орындады: мемлекетіміз қалыптасып нығаюда; нарық, демократияны сезіндік; тәуелсіздігіміз бекілуде; ынтымағымыз ажырап, қабырғамыз сөгілген жоқ; табанымыз тайып, шаңырағымыз шайқалған жоқ. Осының бәрі де әлем танып-мойындаған ақиқат.

Мемлекетті, қоғамды, Қазақстан халқын, ұлтты тығырықтан алып шығу үшін талантты ұйымдастырушы, көсем қайраткер, көреген басшы, табанды саясаткер, батыр тұлға керек. Бәріміз жақсы білетін Нұрсұлтан Назарбаев жеті атасынан батырлық дарыған елдің дәл сондай перзенті.

Жаңылмайтын жақ, сүрінбейтін тұяқ бар деймісің, жаңа көшті бастаған Елбасының қатесі де аз болған жоқ. Мұны да елі жақсы біледі.

Өйтсе де Нұрекеңнің бойында кісіні өзіне тартатын жақсы қасиеттер көп-ақ. Төселген кәнігі саясаткер, нарықтық экономиканың білгірі, ғалым; аңқылдаған ақкөңіл; кекшіл емес, текшіл; жікшіл емес, көпшіл; жұртты сендіре де, иландыра да алатын, өз елім менің – өзегім менің дейтін азамат. Осының бәрін оның президенттікке қайта ұсынған Қазақстанның көп ұлтты халқы да растайды. Күйзеліп отырғандардың өздері де ілгері үмітпен сайлауда өз дауысын Елбасына бергелі отыр.

*Бабамның қаны, анамның жасы,
Сіңген бұл дала, қымбатсың маған.
Береке-бірлік – қамалдың басы,
Ұрпаққа мәңгі тіл қатшы, далам.
Қазақстаным – жасыл орманым,*

*Қуанышымды жасыра алмадым.
Аңсаған бабам, аңсаған елім,
Бостандық еді-ау – асыл арманың.
Жасай бер, жаса қазағым менің, –*

деп ағынан жарылып, асыл арманын жырға қосқан Елбасына елі неге сенбеске?

Сауд Арабиясына барған жылы үш ай бойы ылғал тамбапты. Нүрекең қасиетті Қағбаға кірерде жаңбыр құйып кетіп, шыққанда аспан шайдай ашылыпты. Бұған таң қалған король Фейсал:

– Сіз тегін адам емес екенсіз, Алладан не тіледіңіз? – деп сұрапты.

– Қазағымды, елімді аман қыл деп тіледім – деген екен Нүрекең.

Халқының ізгі арманын көксеуші деп осыны айтатын болу керек. Сондықтан да кей ағайындардың жағаға жармаса беруін жөнсіз, қолда бар алтынның қадірін кетіргісі келетіндігінен деп білемін.

Задында, қазақ бауырмалшыл халық. Бізді құртатын жікшілдік пен күншілдік.

Елбасының жеке басын, отбасын, бала-шағасын базбіреулердің былғап жататыны соның салдарынан. Ел аузында елек жоқ, ел не демейді, аузы бар сөйлейді, аяғы бар жүреді деген осы болады. Тегінде біреудің бақытын біреу қызғанбаған, әдептен озбаған жөн.

Уәзірі жақсы – хан жақсы,

Әйелі жақсы – ер жақсы, – дейді халық.

“Манасты Манас қылған Қаныкей” дейді екен қырғыз бауырлар да. Президенттің осыншама дәрежеге жеткеніне келініміз Сараның үлесі жоқ деп кім айтады. Ұлды аялап, қызды мәпелеп өскен елміз, мұны да ұмытпағанымыз дұрыс.

Бізді бөліп, бөлшектейтіндер шаш-етектен, табыстырушыдан шағыстырушы, жақындастырушыдан алыстатушы, бітімшіден бітіне көбейіп тұрған заманда жүрек пен тілектің бір болғанына не жетсін. Бірімізге біріміз тірек болмағанда, тілек пен жүрек қоспағанда таянышты қайдан іздеуіміз керек. Дос бар, дұшпан бар, елге күлкі, есекке таң болмағанымыз жақсы.

Опасыз мына дүние,

Жетпейді ешкім түбіне, – деп ақын айтқандай, жат сөз, қас көзден аулақ болып, күніміз барда күліп жүрейік. Ғасырдың өткелінен алып өтетін пырағымыздың да, құтты мекен тұрағымыздың да бір, тұтас болғаны жақсы. Бетегелі белде берекелі ел болсын, етек-жеңіміз, пейіліміз кең болсын, іргелі елдермен керегеміз тең болсын деп тілейік.

Ақылшы азып, аға сөзі әдірә қалды ма деп жүргенде, айта алатұғын аға да, сөзді ұғатұғын ел де бар екеніне қуандық. Қасиетті Жидебайдан

Хафиз Матаев ағамыздың даусы құлағымызға жетті. Елбасына бата беріп, толқып сөйлепті ол кісі.

– Екі құлынымызды бөйгеге қосып, тақымымызды қысып отырғанымызда, екеуі де құдыққа құлады. Бірін Жоғарғы Кеңеске көтердің, біріне үкіметті басқарттың, екеуі де үмітінді ақтамады. Құдыққа өздері ғана құлаған жоқ, бәрімізді де құлатып отыр. Абай, Шәкәрім, Мұхтар туған жерге келгенің дұрыс болды, шырағым. Бұл өңір келесі ғасырда толғатып, тағы бір тұлғаны туатын шығар, бүгінде сенің алдына түсетін ешкім жоқ. Семей өңірі дауысын түгел саған береді. Тарықсаң, шаршап-шалдықсаң, ақылдасам десең алдымен Түркістанға бар, одан соң осы Жидебайға кел, қалың елің қасыңда болады, – депті.

Осыны айтқанда ел күңіреніпті. Би құлдың сөзін сөйлеп, бит балаққа шығып тұрғанда, ағамыздың мына сөзі бұлттан шыққан күндей боп жарқ ете қалды. 1991 жылы тұңғыш Президенттің батагөйі қалың қазақтың ағасы, тұлпардың тұяғы, асылдың сынығы Шәкір Әбенев еді, Хафиз ағаның да батасын қабыл қылғай, – деп жақсы ырымға жорыдым.

Қазақстан жұртшылығының алдағы сайлауда өз Нұрсұлтанына дауыс беретіндігінде күмән жоқ. Бұл сайлау да өтер, ендігімізді де басармыз, ендігі жерде Елбасының тереңірек толғанып, кеңірек ойланғаны абзал. Бір кісіге халық аз сенім білдіріп отырған жоқ. Алмақтың да салмағы бар, соңына ерген елдің үмітін ақтайтын да, сол елдің қасиетін сақтайтын да, кем-кетігін жақтайтын да мезгіл жетті. Сенім-нанымының да, төзімінің де шегі болады, таусып алмаған жөн. “Темірдің таты жаман, ағайынның даты жаман”, датына қалма дер едім.

“Егемен Қазақстан” 24.12.1998.

ҚАЛЫҢ ҚАЗАҚТЫҢ ӨЗБЕКӘЛІСІ

Баяғыда Ескендір Зұлқарнайынның (Александр Македонский) әкесі Ақсақ Филипптің тұсында Аристотель деген дана, Диоген деген ақылды өткен ғой. Сол Диоген шаңқай тал түсте қолына шырақ алып, қаланы кезіп жүреді екен. Мұныңыз не деп сұрағандарға:

— Адам іздеп жүрмін — дейді екен жарықтық.

Диоген әулие айтқандай, адам іздейтін, адамның адамын іздейтін заман туды. Ойыңды түсініп, көкейіндегіні таба қоятын кісі аз бүгінде.

Сол аздың бірі Өзбекәлі Жәнібеков еді.

1988–90 жылдары Өзекең — Қазақстан Орталық партия комитетінің хатшысы, мен — идеология бөлімінің меңгерушісі — бірге қызмет істедік.

Кейінірек қызметбасты болдық, шетелге кеттім, сөйтіп көп уақыт кездесудің сәті түспеген еді. Елге қайтып оралған соң, көптен ауырып жүр дегендіестіп, хал-жағдайын білейін, сөйлесейін деп телефон соқтым. Дипломатия академиясына ректор болып тағайындалғанымды, биыл оқу жылын бастайтындығымызды айтып, мүмкін болса, біздің академияның тыңдаушыларына қазақ тарихынан бірнеше лекция оқып беруін өтіндім.

— Денсаулығым жараса аянбаспын, абструктивный бронхит деген пөледен құтыла алмай жүрмін, демікпе де жоқ емес, — деп Түркістан тағдыры, қазақ тарихына қатысты мақала жазғанын әңгімелеп, бірақ оған ешкімнің мән бермейтініне қынжылды. Сөйте тұра, Өзекең Дипломатия академиясына мейлінше қазақ жастарын қабылдап, оларға қазақ тілі мен тарихын үйретуді тәптіштеп жатты.

Мен бұрын партия орындарында қызмет істеген адам емеспін. Партия қызметіне үйреткен осы Өзбекәлі еді. Жұмысқа, әсіресе жазуға шебер кісі болатын. Күндіз жүйкеңді, түнде көзмайынды тауысып жазып келген материалды қайшымен аяусыз қаршылдатып турап сала беретін. Осындай қырыққыш, турағыш Өзбекәлімен бірге жасасып келе жатқан өзінің атақты жарты метрге жуық ақ қайшысы болатын. Алдына материалыңды әкелгенде көзіне көзілдірігін киіп, бір көзін қысып отырып сыза бастағанда, қағазды қышырлатып қия бастағанда маңдайдан шыпшып тер шығатын. Бір емес, екі емес, істейтіні ылғи осы болатын, ерінбейтін. Бірде маңызды бір құжатты әбден иін қандырып, пісіріп әкелдім, енді сызып-турамайтын шығар дегенімде, Өзекең көзін қысып тағы да баяғы әдетіне басты.

— Енді мен қағаз әзірлемеймін, өзіңіз дайындаңыз! — деп, алдындағы қағазды шаштым да кеттім. Өзекең аң-таң болды да қалды. Мен төртінші, ол кісі алтыншы қабатта отырады. Кабинетіме келіп, ызасына темекі тартып, болған жәйді орынбасарым Игорь Романовқа айтып отырған кезімде “кремлевка” телефоным шыр ете қалды. Көтерсем, Өзекең екен:

— Чего ты горячишься, зайди, поговорим, — деді. Мінезі қиын адам еді, барсам ба екен, бармасам ба екен деп ойландым да, бардым.

Келсем, Өзекең жайдары күліп отыр.

— Сен де бірмойын қырсық екенсің ғой, жұмыста ондай-мұндай бола береді, — деп көңілімді жұбатты.

Ашуым басылмаған мен де:

— Не, Сізден бөтен адам қолына қалам ұстап көрмеп пе екен, алдыңызға қағаз әкелсек, қасапшының пышағындай әне бір жарты метр қайшыңыз жалаңдайды да тұрады, — дедім.

Күліп жіберді. Осыған дейін бізге қатал, дөң мінез, түсі сұп-суық боп көрінетін Өзбекәлі лезде жібектей жұмсарды, мейірленіп, балбырап кетті.

Апыр-ай, бұл кісі де күледі екен-ау, адамша кәдімгідей, жұмсақ сөйлесе алады екен-ау деп ойладым ішімнен. Менікі де ашу ғой, қайда барады дейсің, жадырап сала бердім.

Өзбекәлі Жәнібеков — қазақ тарихын, салт-дәстүрді, байырғы ескерткіштерімізді терең білген адам. Беті бір қисайса көнбейтін, дегенінен қайтпайтын турашыл, әділ бейнеткеш, ғажап әңгімеші кісі еді. Өнерге көп мән беретін. “Алтынай” ансамблінің репетициясына да барып жүрдік. Маған партия жұмысын көп үйретті. Сондықтан да қатарға сол кісінің арқасында қиналмай қосылып кеттім. Сол тұста аз уақытта талай нәрсе атқарылды: даналар ақталды, олардың кітабы шықты. Тіл туралы заңға белсене араластық, Наурызды қалыптастырдық, әдет-ғұрып, салт-дәстүрімізді, айтысты қайта жаңғырттық, тарихымызды, мәдениетіміздің тарихын қайта жаздыра бастадық. Бұл аз жұмыс емес еді.

Азаматтық ойдың қалыптасуы, ұлттық тарихымыздың қайта тірілуі, қазақ театрының дәуірлеуі, бейнелеу, сәулет өнерінің өрлеуі, шеберлер ауылы — бәрі-бәрі Өзағанның есімімен тікелей байланысты.

Ол кісі өте-мөте қазақ сәулет өнеріне ғашық еді. Ежелгі ескерткіштердің көбінің қирап, қаусап тұрғанына жаны күйзелуші еді. Жошы ханның мавзолейінде шілдеде шыбындап тұрған жылқыларды көргенде түсі құбылып, маңдай терін сүртіп тұрып:

— Біздің қолымыздан осы ғана келеді, — деп қынжылғаны есімде.

Сол күні Ұлытауға шықтық. Мәшине жеткен жерде қалды. Мен шыңға жете алмай етекте қалдым. Өзекең қара дауылмен жағаласып, шыңына шығып келіп кешкісін Едіге, Тоқтамыс, етектегі хан ордасы жөнінде байтақ әңгіме айтты. Қазақтың ою-өрнегі, архитектурасы, тарихи ескерткіші, Алматының кешегісі туралы қолмен қойғандай айтушы еді. Сонда біз сәулет бағын, ежелгі ертегі елін аралағандай болатынбыз. Задында, мен өмірімде мұндай шебер әңгімешіні әлі кездестірген емеспін. Сол әңгіменің біразын бейнетаспаға жаздырып қойғым да келді, бірақ, өне-міне деп ағамыз өкінішке орай, соған уақыт таппай-ақ қойды. Білгенінің көбі өзімен бірге кетті ме деп қорқамын.

Жастарды инабаттылыққа, әсемдікке, кісілікке тәрбиелеуге үлкен мән беретін ол кісі. Бір күні:

— Жастарға эстетикалық тәрбие берудің концепциясын жасасақ қайтеді. — деді.

Көп ұзамай комиссия құрып, жұмылып кірісіп кеттік. Қолына алған істі аяқтамай қоймайтын әдеті емес пе, бір айдың ішінде балабақша бүлдіршіндеріне, мектеп оқушыларына, жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған эстетикалық тәрбие берудің концепциясы жеке-

жеке кітапша болып қатталып, Қазақстан Орталық партия комитетінің пленумында бекітілді. Өттең не керек, Өзекеңнің арманы орындалмады, бүкіл республика болып жұмылып жасалған маңызды құжат партияның таралуына байланысты әжетке жарамай далада қалды.

Маңғыстаудағы, Ұлытаудағы тарихи ескерткіштерді сақтау керек, қазақтың сан мың жылдар бойы жасаған мұралары, оларды аспан астындағы ашық мұражайларға айналдыру керек деп шыр-пыр болып жүруші еді, ол ойлары да жүзеге аспады.

Қазақ тілінің күні қайта туа бастаған шақта оның биік мәртебесі үшін Өзбекәлі Жәнібековтің жанталаса күрескені қалың қазақтың жадында. Ол шын мәнінде қазақ мәдениетінің алып тұлғасы, білгірі, жанашыры, қара нары еді. Ойындағысы бола қалса қанатын қомдаған қырандай, сағы сынса — қанаты қайрылған құстай бола қалушы еді. Келбетінде халқымыздың айбары бар еді, әділдіктің, адамгершіліктің жығылмайтын ақ туы еді.

Көзден кетсе, көңілден кетеді дегендей, тақтан тайған соң, өкінішке орай, Өзекең құбатөбел күн кешті.

Күні кеше алдына жұрт кіре алмай, кіргені қалтырап, дірілдеп тұратын Өзекең де:

— Ойымдағымды, тарихқа қатысты пікірлерімді жазып жатырмын, бірақ жұрт оқымай ма, ешкім мән бермей ме деп қорқамын — деді бір күні.

“Шіркін, заман-ай, осы күндері тақта отырған, ат үстінде жүрген жігіттер тақтан тайып, аттан түспеймін деп жүр-ау, бәрің де күні ертең қалпыңа келесің-ау, соны ертең емес, бүгін ойлансаң қайтеді, қазақта аға деген жақсы сөз бар ғой, сол ағаға қолдан келген жақсылықты тіршілігінде істесек қайтеді”, деген ой келді.

Өзекең бұрынғыдан да жиі телефон соғып тұрды. Әңгіме ел тарихы, халық тағдыры, келешек жайында болатын. Ойының тереңдігіне, халқын жанындай сүйетініне қайран қалушы ем.

Мен алпысқа толғанда баспасөз бетінде мақалалар жарияланып жатты. Тойға шақырдым.

— Келемін, сөз сөйлеймін, салтанатты жиынды басқаратындарға айт, маған сөз берсін — деді.

— Сіз келіп қатыссаңыз ініңіздің төбесі көкке жетпей ме, алдымен сөзді Сізге береді, — дедім.

Айтқандай-ақ, Өзбекәлі ағам бар күш-қуатын жинап, Өуезов атындағы драма театрында қыркүйектің он екісінде өткен салтанатқа қатысып, таяққа таянып тұрып сөз сөйледі. Бір қолтығынан мен демеп тұрдым.

Сондағы асыл ағаның сөзі мынау еді:

“Ұрпақтар сабақтастығы деген өзекті мәселе де ықылымнан келе жатқанға ұқсайды. Өз басым белгілі ғалым, мемлекет және қоғам қайраткері Мырзатай Жолдасбековті осындай ұлы үрдістің қою ортасында көрініп жүрген азаматтың бірі деп білемін. Мырзатаймен таныстығымыз бұрын сырттай ғана, онда да шығармашылығы арқылы болғанымен, негізінен сексенінші жылдардың аяғы, тоқсаныншы жылдардың басында, әсіресе, Орталық Комитетте бірге істескен тұста қалыптасқан еді. Бұл Коммунистік партияның соңына келе бастағанының айқындала бастаған, Мәскеуден бұрынғыдай күнделікті басшылық, нұсқау ала бермейтіндей болып қалған мезет болатын. Орталықтан қайран болмайтынына әбден көзіміз жеткеннен кейін, кейіндей бастаған идеологиялық инфляцияға қарсы тұру мақсатымен Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың басшылығымен пленум өткізіп, идеологиялық қызметтің негізгі салалары бойынша Камал Смайыловтың, Альберт Устиновтің, Әбіш Кекілбаевтың, Мырзатай Жолдасбековтің, Қуаныш Сұлтановтың қолтаңбалары қалған, жаңарып келе жатқан қоғамдағы мәдениет, бұқаралық жұмыстың саяси әдістері, жастарға имандылық, эстетикалық тәлім-тәрбие беру жолдары Қазақстандағы тіл саясаты және тіл құрылысы, ұлттық индустриялық жұмысшыларды қалыптастыру мүмкіндіктері, тағы басқа тақырыптар бойынша ғылыми-әдістемелік тұжырымдар жасап, партия ұйымдарына басшылыққа ұсына бастауға тура келіп еді.

Жасыратыны жоқ, алғашында Мырзатаймен арамызда аздаған түсініспеушілік те болды. Бұл, әрине өзгелер дайындаған құжатты қол қойып бере салатын мүмкіндігі бар лауазымнан кейін Орталық Комитеттегі бәрін өзі үйлестіретін, барлығын өзі жайғастыратын қызметіне бірден малынып кеткен адам мен қарауындағылардан тек ұқыптылықты ғана талап ететін қазымыр басшының арасындағы шарттылық іспетті еді. Кейіннен түсінісе келе, Мырзатай мұның тәрбиелік мәнін ұғынғандай да болды ғой деп ойлаймын.

Ал енді Мырзатайдың ғылыми шығармашылығына келсек, оның өзі бір төбе, арнайы сөз қылуды қажет ететін дүние. Оның “Асыл арналарынан”, “Асыл сөздің атасына” дейін алып қарасақ, сонау Орхон-Енесей жазуынан қазіргі заманға дейінгі азабы мол ізденістердің сұрқын аңғарамыз. Ғалым сөзге сараңдау болғанымен, тұжырымдауға, тұспалдауға шебер. Зерттеп-білгендерін әрдайым ортаға салуға дайын тұратын әдебиетші.

Мырзатай Жолдасбековтің әлі де берері көп, сондықтан да біз оған қаламың ешқашан мұқалмасын дей отыра, алған бетіңнен тайынба деп, зор байлық, мол денсаулық тілейміз”.

Ел тебіренгендей болды. Бұл аяулы Өзбекәлінің ел алдында сөйлеген соңғы сөзі еді.

Мың тоғыз жүз тоқсан сегіздің басында мен емханаға түстім. Өзекең осында жатыр екен, тездеп палатасына кіріп көңілін сұрадым. Екі танауына да кислородты түтікшені тығып қойыпты, әрең демалып отыр екен, жүрегім зу ете қалды:

— Әжептеуір тыңайып-ақ келе жатыр едіңіз, не боп қалды, қалайсыз? — дедім.

— Бір жақыны қайтыс болып жеңгең Өзбекстанға қыстың көзі қырауда жалғыз бірнеше күн хабарсыз кетіп, уайымдап осындай халге түсіп қалдым, — деді.

Өзекеңнің жеңгемізді жанындай сыйлайтынын бұрын да жақсы білуші ем, ендігі жерде жеңгеміздің ағамызға таяныш, сүйенішке айналғанын әбден сездім.

Не керек, бір аптадай ағамыздың жанында болдым. Көзіне сәл көрінбесем, өзі кісі жіберіп, көрші палатадан жанына шақыртып алып отырды. Тұла бойында өлім мен өмір арпалысып жатқан ағаның мынадай халін көру өте ауыр еді.

Халқымыздың қайраткері Өзбекәлі Жәнібеков, сөйтіп, ақпан айының жиырма екісі күні дүние салды. Талай жоспарлары бар еді, бәрі де қалды. Көп білуші еді, халқын, оның тарихын, мәдениетін, әдет-ғұрпын жақсы білуші еді, өттең, білгенінің бәрін тегіс халқының әжетіне жарата алмай кетті.

Екі күндей кешкісін үйінде күзеттік. Ол кісінің істеген істерін, жақсы мінез-құлықтарын әңгіме қылдық.

“Егемен Қазақстан” газетінің бас редакторы Уәлихан Қалижан ол кісі туралы бір-екі сөз айтуымды сұрады. Мен жазып бердім.

“Егемен Қазақстанның” жиырма төрт күнгі бір беті тұтас Өзбекәліге арналды. Менің де “Қош, асыл аға!” деген сөзім жарияланды. Оның тексі мынау еді:

“Өзбекәлі ағаны жастайымыздан естіп өскенмен, бертінде ғана танып-білдім. Аумалы-төкпелі, аласапыран уақытта, өтпелі кезеңде бірер жыл аралас-құралас, қызметтес болдық. Қоян-қолтық, тізе қосып, бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып, идеологияны бірге басқарған тұста ұлт тарихының, мәдениетіміз бен әдет-ғұрып, салт-дәстүріміздің қайта жаңғыруына барынша үлес қосыстық. Қолымыздан келіп

тұрғанда істеп қалайық, тіліміз жетіп тұрғанда сөйлеп қалайық деген едік. Шүкір, нәтижесі жаман болған жоқ: — Қазақтың өлгені тіріліп, өшкені жанды, ұлттық санасы оянды, тілі марапатталды, жоғалып бара жатқан әдет-ғұрып, салт-дәстүр қайта жаңғырды. Осының бөрінен де Өзекеңнің еңбегі ұшан-теңіз.

Өзекең жұмыста қатал, ешкімді аямаушы еді. Бірақ, аға ретінде барлығымызды аялаушы еді, көңілі түссе көл болушы еді, ғажап әңгімешіл кісі еді, кісінің ала жібін аттамаған кіршіксіз адал еді, бір сөзді кісі еді, екі сөйлемеуші еді.

Еліне, халқына белін буынып, білегін сыбанып, аянбай қызмет істеген Өзекең өкінішке орай, соңғы жылдары ұмытылғандай болды, жоқшылықтың күнін кешті, аурумен арпалысып, өмір үшін күресті. Жақында емханаға барып ол кісімен әңгімелескенде:

— Ғасырлар қойнауынан қазақ тарихын тереңірек аршысақ, Өзірет Сұлтан қорығын қалпына келтірсек, қалт-құлт етіп отырған мына халықтың құдай көз жасын көрсе, дегеніне жетсе шіркін — деп армандап жатты. Өттең, дегеніне жете алмай кетті.

Екі ғасырдың тоғысында дүниеден сөйтіп халқымыздың аса қадірлі перзенттерінің бірі өтті. Үлкен жүрек соғуын тоқтатты.

Өзбекәлі Жәнібеков — ел тарихынан ерекше орын алатын мемлекет әрі қоғам қайраткері, аса ірі ұйымдастырушы, этнограф, қазақ мәдениетінің білімпазы. Сондықтан да Өзекеңнің есімі Темірбек Жүргенов, Ілияс Омаров секілді туған халқымен мәңгі бірге жасайды.

Қош, асыл аға, қайран Өзекем, бақыл бол, алдыңнан жарылқасын!”

Әуезов атындағы академиялық драма театрында ақпанның жиырма бесінде қоштасу өтті. Сол күні түстен кейін табытын пойызға салып Отырарға алып кетті. Үш вагон тіркелді.

Ақпанның жиырма алтысында Отырардағы мұражай алдында қаралы жиын өтті. Сол жиында, қоштасар сәтте мен де мына төмендегі сөзімді айттым:

“Нұрлы жүзді, әдемі қоңыр үнді, жаратылысы бөлек Өзбекәлі ел тарихы мен мәдениетінің білгірі, қасиетінің тұнып тұрған тұнбасы, ойдың тереңі, халқымыздың кескіні менен келбеті, қайраты менен айбаты еді, арысы еді, дара тұлғасы еді, елінің асылы, баршаның жақыны еді, қайыспайтын қара нары, шалыс баспайтын кержорғасы еді, бойын жасырған тұлпар еді, заманымыздың Бұхар жырауы, Төле биі еді.

Жарық дүниеде жаны жай таппады, тіршілікте көрген рахаты да көп болмағанын біз жақсы білеміз.

Біз Өзекең дүниеден өтті деп жылап жатырмыз. Меніңше, Өз ағаның мәңгі өлмейтін өзгеше өмірі жаңа басталады. Ылғи әулие мен қасиеттің тұнып тұрған өлкесінде туған, бұл фәниден дүние жимаған, иман жиған, өле-өлгенше халқына адал еңбек еткен, артына байтақ дәстүр, өшпес өнеге, мол мұра қалдырған, сөнбес шырақ жағып кеткен, талай жұмбақ тастап кеткен ағамыз енді бірте-бірте Фараби, Арыстанбаб, Өзірет Сұлтан секілді әулиеге, сыйынатын пірге, табынатын құдіретке айнала береді. Табиғаттың тылсым сыры сияқты Өзбекәлінің де “тайниктері” бірте-бірте ашылатын болады. Осы киелі топырақта ағамыздың мәңгі бағы қайта жанатын болады. Тәнін жерге берерміз, бірақ елінде оның рухы қалады. Ендігі жерде баршамыз көңілге осыны медет тұтамыз”.

Арыстанбабтың маңында, Құрбан атасының жанына жерленді. Күн ашық, жылы болды.

Иә, Өзбекәлі Жәнібеков ағамыздың сағынышқа айналған жаңа әлемі басталды. Жылдар асқан сайын, Алатаудың шыңдарындай биікке, әрбір қазақтың қимас жақынына, тазалықтың, имандылықтың символына, қазақ халқының ұзақ тарихындағы ұлы тұлғалардың біріне айнала береді. Рухы елімен бірге мәңгі жасайтын болады.

Өзекең “Өзіреті Сұлтан” қорығын терең зерттеп, үнемі әңгімелеп жүрді. Бір күні маған келгенде ол кісіге бұл туралы білгеніңізді жазсаңызшы деп өтіндім. Көп кешікпей маған хат келді. Ерекше маңыздылығын ескере отырып, Өзекеңнің 1992 жылы маған жазған сол хатын да жариялауды жөн көріп отырмын:

*М. Жолдасбековке
“Өзіреті Сұлтан” қорығы жөнінде*

1. Тарих қойнауларына жүгінсек, X-XII ғасырларда Оңтүстік Қазақстанның халқы көне түркі тілінің қыпшақ-оғыз диалектісінде сөйлегені хақ. Ахмет Иассауи де өзінің “Хикметін” сол көне түркі тілінде, оның қыпшақ-оғыз диалектісінде жазған, оны әзірбайжандық зерттеушілер 1978 жылы дәлелдеген. Ал ол еңбекті шағатай тілімен жұрттың шатастырып жүргені – алғашқы нұсқаның жоғалып кеткенімен байланысты. Шамасы әр тілге, әсіресе шағатай тіліне аударғанда тәржімалаушылар қосқан қағидалар да болуы мүмкін. Дегенмен, Стамбұл кітапханасында оның 18 нұсқасының ең алғашқысы сақталған дегенді айтады. Оны тексеру қажет. Егер осы факт анықталса, оны көне өзбек тілінде жазған деу қисынсыз. Шағатай тіліне жабыстырудың да ыңғайы жоқ. Өйткені, біздің ғалымдарымыздың қолында бары – тек шағатай тілінде шыққаны ғана. Ол Ташкентте